Келісемін:
Директордың оқу-ісі
жөніндегі орынбасары
Каренова А.С
«01» 09 2023ж.

Бекітемін:
«Ақмола облысы білім басқармасының
Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі
Макинск қаласының мектеп-лицейі» КММ
директорының м.а. А.Каренова
«01» 09 2023ж.

Үйде жеке тегін оқытылатын оқушыға арналған бағдарлама

Пән: айналадағы әлем
Сынып: 7 «Ә»
Пән мұғалімі: Маханова Замира Абдигалиевна

2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылына арналған бағдарлама
орташа ақыл-ой кемістігі бар
7-сынып білім алушысына арналған
" Айналадағы әлем " пәні бағдарламасы

7-сыныпқа арналған «Айналадағы әлем» пәнінің бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына 156-қосымшасы орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптары үшін " Айналадағы әлем " пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жасалды.

2023-2024 оқу жылында жұмыс оқу жоспарына сәйкес «Айналадағы әлем» пәні аптасына 1 рет өтіледі.

Оқу пәнінің мақсаты – білім алушыларға табиғат туралы қарапайым түсініктерді меңгерту, олардың жақын қоршаған орта заттары және құбылыстары туралы түсініктерін жүйелеу.

1) қоршаған әлемде практикалық бағдарлау үшін қажетті икемділіктер мен дағдыларды қалыптастыру;

2) әлеуметтік дағдылар мен құзыреттілікті дамыту және қалыптастыру;

3) заттардың атқарымдық қолданысын есепке ала отырып, олармен әрекеттену тәсілдерін қалыптастыру;

4) сөйлеу тілінің және коммуникацияның басқа түрлерінің көмегімен қоршағандармен түсінісу тәсілдерін қалыптастыру;

5) мәдени, әлеуметтік және қоғамда қабылданған өмірге тарту;

6) жақын әлеуметтік-мәдени ортамен танысу мүмкіндігін тудыру;

7) табиғатты зерттеу мүмкіндігін тудыру және табиғатқа деген құнттылық қарым-қатынасын қалыптастыру.

Оқу пәнінің 7-сыныптағы базалық білім мазмұны

Менің үйім

1) тұрғын бөлмелердің атауы мен қолданысы: асүй, жатын бөлме, ортақ пайдаланылатын орын;

2) жиһаздың қолданысы;

3) жиһаздың күтімі;

4) жиһаздың тұрмыстық техникадан айырмашылығы;

5) ыдыс-аяқ. Ыдыстардың атаулары;

6) асүйлік, шай ішетін, асханалық ыдыстардың арасындағы айырмашылық. Ыдыстарды сақтау және олардың күтімі;

7) жиһазға және ыдыстарға ұқыптылықпен қарау.

Мектеп

1) мектептің атауы, нөмірі және мекенжайы;

2) мектепке баратын және мектептен қайтатын жол;

3) мектеп және сынып жиһазына, мектеп ауласына ұқыптылықпен қарау.

Менің Отаным – Қазақстан

1) Отанымыздың атауы – Қазақстан;

2) еліміздің бас қаласы – Астана;

3) біздің Отанымыздың ірі қаласы – Алматы;

4) мемлекеттік мерекелер мен ерекше мәні бар даталар.

Көлік. Жол жүру ережелері

1) көлік құралдары және көлік құралдарының түрлері;

2) әр түрлі жағдайлардағы көшеден өту ережелері;

3) қоғамдық көліктерге арналған аялдамалар;

4) көшедегі және жол қилысындағы (бағдаршам, реттеуші) көліктер мен жүргіншілерді реттеу ережелері;

5) қаладағы және ауылдағы көлік құралдары (автобус, троллейбус, трамвай, такси, метро, жеке көлік);

6) алыс жолдық көліктер (пойыз, ұшақ).

Жыл мезгілдері. Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер

1) табиғаттағы мезгілдік өзгерістерді бақылау;

2) ауа райы (ашық, бұлтты, жаңбыр, найзағай, жел);

3) жаз белгілері: күн қатты қыздырады, ыстық, шық, тұман, бұлт және қара бұлттар, жазғы жаңбыр, нөсер, бұршақ, найзағай, жай;

4) өз бетімен бақылау және табиғаттағы өзгерістерді күнделікте тіркеу;

5) жаз айларының атаулары;

6) күз белгілерін бақылау: күн қысқарады, түн ұзарады, суық жел соғады, жаңбыр жиі жауады,күн суытады, ағаш жапырақтары сарғаяды, түседі;

7) жыл құстарының (ұзақ, қараторғай) қысқа дайындығы туралы мәліметтер;

8) қатқақты бақылау;

9) күз айларының атаулары;

10) қысқы айлардағы табиғаттағы өзгерістерді (қыста күн кеш шығады, ерте батады, күн қысқарады, түн ұзарады, аяз, боран, қар жауады, аязды күндердегі қатқан көлдер, аяқ астындағы қар сықырлайды) бақылау;

11) қыс айларының атаулары;

12) балалардың қыстағы ойындары;

13) көктемдегі озгерістерді (күн ерте көтеріледі, катты қыздыра бастайды, мұз жүруі, су тасуы, қары еріген ойдым жер, ағаштар бүршіктенеді, жапырақтар мен гүлдер шығады, жеміс ағаштары гүлдейді, ағаштар мен бұталарды отырғызады, бақшаға тұқым себеді, жәндіктер пайда болады, құстар ұшып келеді) өздігінен бақылау;

14) көктем айларының атаулары;

15) жыл құстары мен жәндіктерді бақылау;

16) көктемдегі құстар мен жануардардың өміріндегі өзгерістерді бақылау;

17) балалардың көктемдегі ойындары; адамдардың жылдың әр түрлі мезгілдеріндегі еңбектері.

Өсімдіктер

1) көкөніс дақылдарының айырмашылықтары, салыстыру; көкөністердің адам үшін пайдасы;

2) жемістер мен жидектердің айырмашылықтары, салыстыру. Жемістер мен жидектердің адам үшін пайдасы. Тосап, нәрсу;

3) бұталар мен ағаштар. Бұталар (шырғанақ, итмұрын, қарлыған) туралы түсініктерін кеңейту;

4) ағаш (емен), қылқанды ағаштар (шырға, қарағай);

5) бұталар, ағаштар мен гүлдердің айырмашылықтары.

Жануарлар

1) үй жануарлары: ешкі, қой, шошқа, түйе, сиыр, жылқы. Сыртқы түрі. Олардың күтімі, адам үшін пайдасы;

2) жабайы жануарлар. Жабайы және үй жануарларының өмір сүруін, қоректенуін, адамға пайдасын салыстыру;

3) жабайы құстар: үйрек, қаз, аққу. Сыртқы түрі. Мекендейтін жері. Жабайы құстардың үй құстарынан айырмашылықтары;

4) балық және оның құрылысы (бас, желбезек, жүзбеқанат, құйрық). Қозғалу тәсілдері. Балықтардың қоректенуі. Балықтардың мекендейтін жерлері – өзен, теңіз, көлдер. Балықтарды аквариумде ұстау.

Пәндік нәтижелер.

Білім алушылар:

1) үйінің мекен жайын;

2) мектепке баратын жолды;

3) бөлмелердің және асхана, асүй, жатын бөлмелерге арналған жиһаздардың атауларын біледі деп күтіледі.

Білім алушылар:

1) балалардың көшедегі, көліктегі, қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін орындауды;

2) қаланың, ауылдың басты көшелерін тануды;

3) жыл мезгілдерінің белгілерін тануды;

4) жергілікті жерде кең тараған көкөніс, жеміс, жидектерді тануды;

5) үй және жабайы жануарларды ажыратуды;

6) ағаштарды, бұталарды, гүлдерді ажыратуды меңгереді деп күтіледі.

Тұлғалық нәтижелер. Білім алушылар:

1) ата-анасына, ересек адамдарға өтінішін, қалауын білдіре білуді;

2) ересек адамдарға және құрдастарына сыпайылылық пен жайлылық;

3) ересек адамдардың еңбегін сыйлау, жанұяда қолынан келетін тапсырмаларды орындауды;

4) көшеде жүру, қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін орындауды танытады деп күтіледі.

Жүйелік-әрекеттік нәтижелер. Білім алушылардың:

1) табиғаттағы мезгілдік өзгерістерді бақылауынан;

2) жемістер мен көкөністерді сырткы түрі мен дәміне қарай ажыратуынан;

3) бөлме өсімдіктері мен мектеп үлескесіндегі өсімдіктердің күтімінен;

4) үй жануарларын, жабайы жануарларды, құстарды, жәндіктерді, балықтарды тануынан және атауынан көрініс табады деп күтіледі.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Айналадағы әлем
7 «Ә» сынып

Реті	Сағат саны	Сабақтың тақырыптары	Оқудың мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
ӨЗІМ ТУРАЛЫ						
1	1	Бұл – мен	Өзіңнің тегіңді, атыңды және әкеңнің атын атап үйрету	1	06 09	
2	2	Менің денем	Дене бөліктерін атау.	1	13 09	
3	3	Ұлдың және қыздың киімдері	Ұлдардың және қыздардың киімдерін ажырату.	1	20 09	
4	4	Біз әртүрліміз. Менің жақсы көретін істерім	Жақсы көретін істері туралы әңгімелейді. Сәйкес келетін суреттерді сызық арқылы қосып, бояуға машықтану.	1	27 09	
5	5	Менің қалам, менің ауылым	Қаланың және ауылдың айырмашылығын біледі. Сәйкес суреттерді сызық арқылы қосып, суреттерді бояуды үйрету.	1	04 10	
МЕНІҢ МЕКТЕБІМ						
6	1	Мен – оқушымын.	Оқушы міндетінбілу.	1	11 10	
7	2	Менің оқу құралдарым	Оқу құралдарын атап үйренеді. Қауіпсіздік ережесін сақтауды үйрету.	1	18 10	
8	3	Мектептегі тәртіп ережелері	Мектеп ережелерімен танысу.	1	25 10	
МЕНІҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ						
9	1	Менің отбасым	Отбасы мүшелерінің аттарын атап үйрену. Туыстық қатынасты білу	1	8.11.	
10	2	Мен – көмекшімін	Кезекшілік қызметімен танысу. Тазалық туралы мақалдар жаттап үйрену.	1	15.11.	
11	3	Апам – менің ең жақын досым	Мейірімді сөздердің мағынасын түсінеді.Апа туралы төрт жол өлең жаттау.	1	22.11	

ҚОРШАҒАН ОРТА						
12	1	Күз	Көктем туралы өлең жаттайды. Суреттерді бояуда түстерді ажыратуға үйрену.	1	29.11	
13	2	Қыс	Қыс туралы өлең жаттайды. Суреттерді бояуда түстерді ажыратуға үйрену.	1	6.12	
14	3	Көктем	Көктем туралы өлең жаттайды. Суреттерді бояуда түстерді ажыратуға үйрену.	1	13.12	
15	4	Жаз	Жаз туралы өлең жаттайды. Суреттерді бояуда түстерді ажыратуға үйрену.	1	20.12	
16	5	Жыл басына таласқан жануарлар	Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейінін дамыту.	1	27.12	
17	6	Бөлме өсімдік терінің күтімі	Бөлме өсімдіктерін қалай күту керектігін түсіну.	1	10.01	
САЯХАТ						
18	1	Менің Отаным – Қазақстан	«Отан» сөзінің мағынасын түсіну.	1	17.01	
19	2	Қазақстанның мемлекеттік рәміздері – ұлттық мақтаныш	Қазақстан мемлекетінің рәміздерімен танысады.	1	24.01	
20	3	Ұлттық киімдер	Қазақтың ұлттың киімдерімен танысу.	1	31.01	
21	4	Ұлттық ою-өрнектер	Ою- өрнектерді бояу арқылы түстерді ажырату.	1	7.02	
22	5	Көліктер	Көлік түрлерімен танысу.	1	14.02	
23	6	Қоғамдық көліктердегі және табиғатты қорғау ережелері	Қоғамдық көліктерді өзін өзі қалай ұстау керектігін суреттермен жұмыстар арқылы түсіну.	1	21.02	
24	7	Су тамшысының саяхаты	Судың қасиетін білу.	1	28.02	
САЛТ-ДӘСТҮР. МЕРЕКЕЛЕР						

25	1	Мерекелер	Мереке атауларымен танысу.	1	6.03	
26	2	Қазақ халқының салт-дәстүрі	Киіз үйдің бөлшектерімен танысу.	1	13.03	
ТАҒАМ ЖӘНЕ СУСЫНДАР						
27	1	Пайдалы және зиянды тағамдар	Тағамдардың ішінен пайдалысын ажырату. Суреттер арқылы түстерді еске түсіну Жемістер мен көкөністерді жеу алдында жуып жеуді есте сақтау. Суреттер арқылы түстерді еске түсіру.	1	20.03	
28	2	Жемістер	Жеміс түрлерін білу.	1	3.04	
29	3	Көкөністер	Көкөністі жемістен ажырату .	1	10.04	
30	4	Гигиеналық ережелер	Жемістер мен көкөністерді жеу алдында жуып жеуді есте сақтау. Суреттер арқылы түстерді еске түсіру.	1	17.04	
31	5	Салауатты өмір салты	Денсаулық туралы шағын өлең жаттау.	1	24.04	
32	6	Ас атасы – нан	Диқаншылардың еңбегі туралы баланың түсінігі қалыптасады.	1	8.05	
33	7	Нан қайдан келеді?	Ертегіні тыңдау арқылы ертегі сюжетімен суреттерді орналасытыру.	1	15.05	
34	8	Дені саудың жаны сау	Жеке басының тазалығы туралы әңгімелу. Денсаулық туралы шағын мақал- мәтелдер жаттау.	1	22.05	